| | | |
|---|---|---|
| **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ** | | **РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «НАЦИОНАЛЬНЫЙ МУЗЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН» КОМИТЕТА КУЛЬТУРЫ МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН** |
| **БҰЙРЫҚ** | | **ПРИКАЗ** |
| 05.01.2023ж. | | № 11-ke/k |
| Астана қаласы | | город Астана |

***Жауапты тұлғаны тағайындау туралы***

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 16-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі – Музей) комплаенс қызметінің функциясын жүзеге асыруға жауапты тұлға болып құқықтық қамтамасыз ету қызметінің заң бөлімінің заңгер ж/д маманы Б. А. Алтынов тағайындалсын.

2. Жауапты тұлғаға мынадай функциялар жүктелсін:

– Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

– «Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын өткізу;

– Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген тұлғалар санатына жататын қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысына мониторинг жүргізу;

– Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын бақылау;

– Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулерге қатысу;

– Музей қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша жұмысты үйлестіру;

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді бақылау және талдау.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Директордың м. а.** **А. Ж. Сыдыков**

000017